

Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қорғау, мәдениет және спорт үйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін бір жолғы ақшалай төлемдерді тағайындау қаржыландыру және төлеу туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Исадай аудандық мәслихатының 2010 жылғы 14 сәуірдегі № 183 -IV шешімі. Исадай аудандық Әділет басқармасында 2010 жылғы 13 мамырда № 4-4-159 тіркелді. Күші жойылды - Исадай аудандық мәслихатының 2012 жылғы 27 шілдедегі № 54-V шешімімен

Ескерту. Күші жойылды –Атырау облысы Исадай аудандық мәслихатының 27.07.2012 № 54-V шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 66 " АгроОнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18 бабының 5 тармағының негізінде аудандық мәслихат

ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қорғау, мәдениет және спорт үйымдарының мамандарына (алға қарай - әлеуметтік сала мамандары) отын сатып алу үшін бір жолғы ақшалай төлемдер төленсін.

2. Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қорғау, мәдениет және спорт үйымдарының мамандарына (алға қарай - әлеуметтік сала мамандары) отын сатып алу үшін бір жолғы ақшалай төлемдерді төлеу кезінде мыналар басшылыққа алынын:

1) отын сатып алуға берілетін бір жолғы ақшалай төлемнің құны бес мың теңге болып белгіленсін;

2) денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қорғау, мәдениет және спорт мемлекеттік мекемелерінен құрылған комиссияларға аталған сала мамандарына арыздарына қоса осы үйде тұратындығын растайтын анықтама мен тұрғын үйдің қандай отын тұрімен (қатты, сұйық немесе газ) жылдытылатындығын анықтайтын анықтаманы тапсыру ұсынылсын;

3) комиссияга түсken құжаттарды қарап, шешім алу және жиынтық тізімін жасап, комиссия хаттамаларымен қоса аудандық жұмыспен қамту және

әлеуметтік бағдармалар бөліміне тапсыру ұсынылсын;

4) аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі бөлінген қаржыға сәйкес екінші деңгейдегі банктердің есеп шоттарына әлеуметтік сала мамандарына отын сатып алу үшін бір жолғы ақшалай төлем төлеуге қажетті сомаларды, сонымен қатар екінші деңгейдегі банктердің арасындағы агенттік келісімге сәйкес комиссиялық сыйақыларды аударсын.

3. Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қорғау, мәдениет және спорт ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін бір жолғы ақшалай төлемдерді тағайындау қаржыландыру жөніндегі жұмыстардың орындалуын бақылауға алу аудандық мәслихаттың бюджет, қаржы, кәсіпкерлікті дамыту, аграрлық экология мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына (С. Қабделов) жүктелсін.

4. Аталған шешім алғаш ресми жарияланған қүннен бастап құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

Аудандық мәслихаттың кезекті	
XIX сессиясының төрагасы	Ө. Жұмашев
Аудандық мәслихат хатшысы	Ж. Кадимов